



2020- 2021 оқу жылында Педагогика және психология кафедрасы бойынша күндізгі оқу бойынша күндізгі және сырттай/қашықтан оқу бөлімінің 2 мамандығы бойынша студент аяқтады. Оның ішінде 5B010300- педагогика және психология мамандығы бойынша 38 студент (6 студент о/б, 32 студент к/б), 5B01200- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша 22 студент (6 студент о/б, 16 студент к/б).

2020-2021 оқу жылында « Педагогика және психология » мамандығын бітірген 21 түлек өз мамандықтарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда, емханаларда психолог болып жұмысқа орналасты.

« Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығын аяқтаған 22 студент өз мамандықтарына сәйкес жұмысқа орналасты, оның ішінде 4 студент мектепке дейінгі ұйымдарда өзін-өзі тану пән мұғалімі, 7 студент әлеуметтік педагог, 7 студент өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасты.

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығын аяқтаған келесідей студенттер магистратурада өз білімдерін жалғастыруда, олардың ішінде Ж.Жаңабаева - Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті гуманитарлық- педагогикалық институтының магистранты, А. Сәкенова - Әл- Фараби атындағы ҚҰУ магистранты, А. Рахатқызы - Түркия, Ыстамбул Эрджие Университетінің магистранты, А. Ефремов – М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты болып табылады.

Бітіруші түлектер жалпы білім саласында, жалпы білім беретін мектептерде, өндіріс орындарында нәтижелі жұмыс жасауда. Олар кафедрамен ынтымақтастық мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстарының белсенді дамуына өз үлестерін қосып отырады.